

## «Керемет» бастауыш мектеп-балабақша кешені

директор жанындағы кеңес хаттамасы

№ 6 (қашықтықтан өткізілген жиналыс)

2021 жылғы "26" ақпан \_\_\_\_\_

Төраға: Р.Т. Қуатбекова

Хатшы: М.Әленова

Қатысқандар: 28

**Күн тәртібі:**

1. Оқушылардың пәндік сөздік қорын бақылау
2. Оқушылар үлгерімі жағдайы
3. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жұмыстарын бақылау

**Отырыс барысы**

1. Тыңдалды:

1. А.Бимурзаева - директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары:

- МІБ жоспарына сай 1-4-сынып оқушыларының қазақ тілі пәнінен сөздік қор бақыланды.

**Мақсаты:**

- оқушылардың қазақ тілінен көркем сөздік қор байлығын анықтау;
- көркем сөйлеуге, жазуға төселдіру;
- сауаттылығын арттыру

**Қорытынды:**

Оқушылардың басым көпшілігі көркем сөздерді жатқа сауатты жаза білді. Бастапқымен салыстырғанда пайыз көтерілген.

2. Н.Берік - мектеп психологі:

Мақсаттары:

1-сынып оқушыларына психологиялық қолдау жасау, жеке бастық өсуіне қолдау жасау. Оқушыларға өмірлік жоспарын құрып, әрекет жасау алгоритм құруға көмектесу.

Міндеттері:

Жасөспірімдерге маңызды «ақпараттық алаңды» қалыптастыру;

Жасөспірімдердің өзін-өзі тану, мақсат құру және жоспарлау дағды біліктерімен қамтамасыз ету;

Жеке бастың өсуі, өзін-өзі дамыту түрткілерін (мотивтерін) қалыптастыру.

3. А.Бимурзаева - директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:

- Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жұмыстарын бақылау

**Мақсаты:** Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында жұмыс істейтін үйірме мен спорттық секциялардың жұмысын тексеру

Мектепте оқу жылының басына бағтығы қызығушылықтарына байланысты 3 үйірмелер, 4 спорттық секция жұмыс істейді. Барлық үйірме, спорттық секциялардың жасақ, клубтардың жетекшілері қатысатын оқушылардың құрамын құрып, жұмыс жоспарларын бекітті.

Спорт секциялары санитарлық ережелер сақталына отырып мектепте өткізілуде, басқа үйірмелер онлайн түрде ұйымдастырылуда.

Спорт секцияларға оқушылар белсенділікпен қатысуда, «кіші футбол», «шахмат», шашка, «тоғызқұмалақ» жетекшісі Нұртазаев Ә.

«Шебер қолдар» үйірмесінің қатысушылары, жетекшісі Л.Жүнісова жасаған қолөнер жұмыстарынан ата-аналарға арналған ашық есік күнінде көрме ұйымдастырылды. Қалдық заттардан, басқа да әр түрлі заттардан тұрмысқа қажетті заттарды балалардың аса бір ыждағаттылықпен жасағанын байқауға болады.

Тәлімгер Сейдуалиева Л. сабақтан кейінгі уақытта балалардың бос уақыттарын ұйымдастыру үшін әр түрлі сайыстар ұйымдастырды. Мәселен, «Күз келбеті» тақырыбында суреттер салу, мәнерлеп оқу сайыстары (1-3 сыныптар), заманауи билерден сайыс (3-4 сыныптар), «Менің әкем ең мықты» тақырыбында челлендж (1-4 сыныптар) секілді шаралар ұйымдастырылды. Сондай-ақ, тіл мұғалімдерінің жауапкершілігімен сыныптарда Абай, Ыбырай, Жамбыл өлеңдерін мәнерлеп оқу бойынша челлендж ұйымдастырылды. Басқа да сыныптан тыс шаралар қашықтықтан ұйымдастырылуда. Яғни, пандемияға қарамастан, оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыру жұмыстары басты назарда. Мектепте құқық бұзушылық бойынша есепте оқушы жоқ.

**Ұсыныс:** Оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыру мақсатында өткізілетін шаралар түрлендірілсін. Түрлі қалалық, облыстық, республикалық сайыстарға оқушылардың жұмыстар қатыстырылсын.

**СӨЙЛЕДІ:**

**Р.Т. Куатбекова - мектеп директоры:**

- Оқушылардың сөздік қоры болашақта әссе жазуға да әсерін тигізери сөзсіз. Соған орай қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне жұмысты жандарндыру керек. Кәсіптік бағдар беру бойынша қашықтықтан Семей қаласының білім бөлімі де оқу орындармен ашық есік күнін ұйымдастыруда оған оқушылар қатысып жатыр. Ең бастысы баланың амандығын саулығы. Осы орайда оқушының бос уақытын ұйымдастыру күн тәртібінен қалмауы тиіс

**Қаулы:**

1. Оқушылардың пәндік сөздік қорын бақылау бастапқымен салыстырғанда жақсы. "Қанағаттанарлық" деп танылсын.
2. 1-4- сыныптағы жағдай "калыпты" деп бағалансын.
3. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру жұмыстарын күшегу әр сынып жеткешісіне, мектеп психологіне, мектеп әкімшілігіне міндеттелсін.

Төраға \_\_\_\_\_ Р.Т. Куатбекова  
Хатшы \_\_\_\_\_ М.Әленова

